

№19 ОМ Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандары қалалық мектеп педагогтарымен тәжірибемен алмасу

2020 жылдың 1 ақпан күні Көкшетау қ. №4 орта мектебінде, № 19 ОМ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарымен бірлесіп «Жалпы білім беретін мектептегі БАЕҚ бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау» тақырыбы бойынша мектепшілік оқыту семинары өтті.



Семинарда білім алуында ерекше қажеттілігі (БАЕҚ) бар оқушыларды оқыту бойынша сұрақтар қарастырылды.



2019 жылдың қараша айында № 4 ОМ инклюзияны қолдау кабинеті ашылды. 2014 жылдан бастап № 19 ОМ Ақмола облысында инклюзивті білім беруді дамыту бойынша Ресурстық орталық ретінде болып келеді.

Оқыту семинардың бағдарламасы:

ҚР жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беру жүйесін нормативтік-құқықтық қамсыздандыру. <i>Дмитриева-Лепешева О.Г., № 19 ОМ инклюзивті білім беруді үйлестірушісі, мұғалім-дефектолог</i>
Көкшетау қ. № 4 ОМ білім алуында ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға қолайлы жағдайлар жасау. <i>Барт С.А., № 4 ОМ инклюзивті білім беруді үйлестірушісі</i>
Оқушылардың психофизикалық ерекшеліктері және ерекше білім қажеттіліктері <i>№ 19 ОМ мұғалім-дефектологы Жанғали І. Ә., № 19 ОМ мұғалім-логопеді Федотова В.Ф.</i>
Сабақтарда нәтижелі жағдаяттарды орнату әдістері <i>№ 19 ОМ педагог-психологы Маймескулова О.А.</i>
Бала дамуын бағалау. Оқушының білім қажеттіліктерін бағалау. <i>Дмитриева-Лепешева О.Г., № 19 ОМ инклюзивті білім беруді үйлестірушісі, мұғалім-дефектолог</i>
БАЕҚ бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдауының жеке бағдарламаларын жобалау <i>№ 19 ОМ мұғалім-логопеді Искендірова А.А.</i>
БАЕҚ бар оқушылар үшін оқу жоспарларын және бағдарламаларын бейімдеу (тыңдаушылардың топтық тәжірибелік қызметі және жобаларды қорғау) <i>Дмитриева-Лепешева О.Г., Жанғали І.Ә. Искендірова А.А., Федотова В. Ф.</i>
Пікір алмасу, рефлексия

Семинар қызықты, нәтижелі болып аяқталды. Педагогтар өзара ынтымақтастықпен, жиналған тәжірибелерімен алмасып, БАЕҚ бар оқушыларды оқыту бойынша негізгі сұрақтарына жауап алды.





№ 4 және №19 ОМ педагогтары келешекте жиналған тәжірибелермен алмасу жұмыстарын әрі қарай жалғастыруын жоспарланған.

Орынд.: Дмитриева-Лепешева О.Г.,
Жанғали І. Ә.